

● КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ДАҢҚ ПЕН АБЫРОЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



Салтанатты іс-шара мемлекеттік Әнұранмен ашылды. Аудан басшысы Берік Әбдіғаппарұлы сөз алып, халыққа қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен ел тыныштығын сақтап келе жатқан тәртіп сақшыларының еңбегіне тоқталды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мемлекеттік қызметшінің сапасы — бүкіл еліміздің сапасы деп айтуға болады. Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге заманауи, сапалы қызмет көрсету міндеті қойылып отыр. Өйткені, халықтың билікке деген сенімі қазіргі қоғамның талаптарына сай мемлекеттік қызметшіден басталады. Осыған байланысты Президент қазіргі заманға сай мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыру керектігін атап көрсетті. Ауданда мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру, беделін көтеру бағытында көптеген жұмыс істеп, халыққа қызмет көрсетуде. Сонымен бірге бүгін — ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларына құрмет көрсететін күн. Тәртіп сақшылары өздерінің қызметтерінде жанқиярлық ерлік көрсетуде. Олардың қатарында жерлесіміз, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері Талғат Қозыбаев қызмет бабында ерлікпен қаза тапты. Халық даналығында «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» деген нақыл сөз бар. Қызмет бабында қайсарлық танытқан батыр ұлымыз, полиция аға лейте-

нанты Талғат Қозыбаевтың есімі әркез жаңғырып тұрады. Өйткені, өз антына адал болған перзенттерін ел әрқашан құрмет тұтады. Аймақ басшысының қолдауымен сала жұмысын дамытуға нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Соңғы төрт жылда аймағымыздың полиция органдарының материалдық-техникалық базасын заманға сай жақсартуға облыстық бюджеттен 17 млрд 805 млн теңге, оның ішінде арнайы автокөліктермен қамтуға 4 млрд 282 млн теңге қаралып, заманауи құрылғылармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік табысталды. Ағымдағы жылдың сәуір айында 100 дана жаңа автокөлік берілді. Осындай қолдаудың нәтижесінде, тәртіп сақшылары тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қызмет жасап, аянбай еңбек етіп келеді. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ел мүддесі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! — деді аудан әкімі.

Кәсіби мерекеді ауданның дамуына үлес қосып жүрген мемлекеттік қызметшілер мен қоғамдық тыныштықты сақтап жүрген тәртіп сақшылары облыс, аудан

Аудандық мәдениет үйінде Мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан полициясы күні кәсіби мерекелеріне орай салтанатты іс-шара өтті. Оған аудан әкімі Берік Сәрменбаев, аудан прокурорының орынбасары Алмас Махмут, полиция бөлімінің басшысы Мақсат Беркімбаев, аудандық мәслихат депутаты, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, сала мамандары мен аудан тұрғындары қатысты.

әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Өз кезегінде аудан прокурорының орынбасары Алмас Махмут, полиция бөлімінің басшысы Мақсат Беркімбаев сөз сөйлеп, тәртіп сақшыларының еңбегін атап өтіп, зор ілтипат пен құрмет көрсетті. Арнайы мерекелік марапат ұсынып, сала мамандарының еңбегін айшықтай түсті.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламаға ұласып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Айта кетейік, орталық алаңда арнайы көрме ұйымдастырылып, жиналған жұртшылыққа таныстырылды.

«Тт» ақпарат



ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ



Есірткі қылмысының алдын алу, заңсыз есірткі айналымына тосқауыл қою және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қарасора — 2026» арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Осы орайда аудандық мәдениет үйінде кеңейтілген мәжіліс өтті. Маңызды жиынға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, аудан прокуроры Абай Әлімбаев, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Беркімбаев арнайы қатысты. Ауқымды мәселелер талқыланған басқосуға зиялы қауым өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, кент және ауылдық округ әкімдері, мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының жеке құрамы, білім, мәдениет және медицина саласының қызметкерлері мен белсенді жастар қатысты.

Аудан әкімі мәжілісте «Қарасора — 2026» арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасының мақсаты мен міндеттеріне тоқталып өтті.

— Мемлекет басшысы Қазақстан хал-

қына арнаған Жолдауында «Маңызды міндеттің бірі — есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес. Қазіргі қоғамда есірткі мәселесі күн санап ушығып барады. Осы әлеуметтік кеселмен біріміз жұмыла

күресуіміз қажет» деп атап өтті. Сонымен қатар елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Қарасора» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы басталды. Бұл жай ғана полицияның кезекті жұмысы емес, бұл — әрбір үйдің тыныштығы, елдің болашағы мен балаларымыздың амандығы үшін жасалып жатқан үлкен қозғалыс, — деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Мәжілістің күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Бірінші мәселе аудан аумағында «Қарасора — 2026» арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу туралы аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Әділхан Қанзадаев хабарлама жасаса, екінші мәселе есірткі егу алқаптары анықталған жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару және жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушыларға заңмен белгіленген жауапкершіліктері туралы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Бағлан Мейрамбекұлы баяндама жасады.

Жиын барысында аудандық полиция бөлімі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстардың нақты бағыттары талқыланды. Аудан басшысы

сала мамандарына, кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар беріп, профилактикалық іс-шараны жүйелі түрде жүргізуді жүктеді.

Айта кетейік, елімізде «Қарасора — 2026» арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Бұл — қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жастарды зиянды әдеттерден қорғауға және есірткі қылмысының алдын алуға бағытталған маңызды шараның бірі болып табылады. Кеңейтілген мәжілісте көтерілген мәселелер мен белгіленген міндеттер құқық қорғау органдары мен жауапты мекемелердің өзара іс-қимылын одан әрі нығайтуға негіз болады. Есірткіге қарсы күрес — тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау және қоғамдық бақылауды күшейту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады. Бірлескен әрі үйлесімді әрекеттің нәтижесінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, заңсыз есірткі айналымының жолын кесуге мүмкіндік мол.

А.МҰХАНБЕТҚАЛИ



Жалғасы 3-бетте

● 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

Қашанда мемлекеттік қызмет саласында өзіндік ұстанымымен даралана білген Марат Ерташов жөнінде айтқан уақытта спорт және туризм саласына серпін беруге ұмтылған бітім-болмысы айрықша байқалады. Біз білетін Мәкеңнің 30 жылға жуық спорт саласында тәжірибесі бар. Оның ішінде, 20 жыл бойы мемлекеттік қызметтің жүгін көтеріп келеді. Арада азды-көпті үзіліс болғанымен, бағытынан айнымаған ардақты азамат өзі қыр-сырын білетін саланы өркендетуге қайта күш салуда.

САЛАНЫҢ ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРТКЕН БАСШЫ

Бүгінде аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарып келе жатқан Марат Жарылқасынұлы 1972 жылы Қалжан ахун ауылында дүниеге келген. Туған жердің топырағында елдің тыныс-тіршілігін жастайынан көріп өскен ол бала күнінен-ақ еңбекке жақын, жауапкершілігі мол болып қалыптасты. 1979-1989 жылдары туған ауылындағы №126 В.Чапаев атындағы орта мектепте білім алып, сол кездің өзінде алғырлығымен, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуымен ерекшеленді. Негізінен, Марат Ерташов 1989-1994 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтында суармалы жерлерді өңдеу жұмысын механикаландыру мамандығын оқыған. Нәтижесінде ол инженер-механик біліктілігін иеленді. Бұл оның техникалық бағыттағы алғашқы кәсіби қадамы еді. Алайда уақыт өте келе болашақ мемлекеттік қызметші спорт пен дене тәрбиесі саласына ден қойып, осы бағытта да білімін жетілдіруге бел буды. 2002-2004 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша толық курсты тәмамдап, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі біліктілігін алды. Оның спорт саласына деген қызығушылығы мен үздіксіз ізденісінің айқын көрінісі екенін анық байқаймыз.

Еңбек жолына ерте араласқан Марат Жарылқасынұлының қызмет баспалдақтары да әр кезеңде түрлі міндетпен өрілді. Алғашқы еңбек жолын жұмысшы болып бастап, кейін білім саласында мұғалімдік қызмет атқарды. Уақыт өте келе спорт саласындағы ұйымдастырушылық қабілеті байқалып, аудандық спорт құрылымдарында әртүрлі жауапты қызметтерге тартылды. Атап айтқанда, аудандық «Қажы-Мұқан» атындағы спорт комитетінде қойма меңгерушісі, аудандық жастар ісі, туризм және спорт комитетіне қарасты балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жұмысшы, кейіннен сол спорт мектебіннің директоры қызметтерін атқарды. Бұл – оның спорт саласының барлық сатысынан өткен, істің ыстығы мен суығын қатар көрген маман екенін аңғартады. 1999-2006 жылдар аралығында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болып еңбек етуі – оның басшылық қабілетінің қалыптасқан кезеңі болды. Бұл уақытта ол жас спортшыларды қолдау, спорттық инфрақұрылымды жандандыру, аудан жастарын бұқаралық спортқа тарту бағытында жұмыс жүргізді. Ал 2006 жылдан бастап Сырдария аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінде басшылық қызметтерді атқарып, аудан спорттың дамуына тікелей ықпал еткен тұлғаның біріне айналды.

– Спорт саласы – менің өмірімнен біте қайнасқан, маған ерекше жақын сала. Осы бағыттағы еңбек жолымда талай азаматтың қамқорлығы мен сенімі, ағалық ақылы мен жанашырлығы демеу болды. Солардың жақсылығын, көрсеткен қолдауын ешқашан ұмытпаймын. Ең алғаш осы салаға келіп, жауапты қызметке араласуыма сол кездегі аудан басшысы Ибрагим Әбибуллаев сенім білдіріп, бөлім басшысы ретінде тағайындаған еді. Бұл мен үшін үлкен жауапкершілікпен қатар зор сенім болды. Ал сол кезеңде басқарма басшысы болған Садық Мұстафаев та үнемі қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырды. Азаматтың қызмет жолында осындай сенім мен қолдау үлкен рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан сол кісілердің маған білдірген сенімі мен көрсеткен қамқорлығын әрдайым ризашылықпен еске аламын. Біздің аудан спорттың қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан сала ардагерлерінің орны да айрықша. Солардың қатарында Кеңес Инаятов ағамыздың еңбегін ерекше

атаған жөн. Спорт саласының ыстығы мен суығын қатар көріп, жастар тәрбиесіне, бұқаралық спорттың дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтардың еңбегі кейінгі буын үшін әрдайым өнеге. Аудан спорты десе, есімі құрметпен аталатын азаматтың бірі – Шәкір Қиықбаев. Оның спорт саласындағы еңбегін, кейінгі буынға қалдырған өнегесін ешқашан ұмытпауымыз керек. Мұндай азаматтардың маңдай тері мен жанкешті еңбегі бүгінгі спорт саласының тарихында алтын әріппен жазылуға лайық. Өйткені бүгінгі жетістік – кешегі аға буынның табанды еңбегінің, маңдай терінің, жанашырлығының нәтижесі. Жалпы, спорт – тек жарыс пен нәтиже ғана емес, ол – тәрбие, тәртіп, табандылық мектебі. Осы саланың дамуына әр кезеңде еңбек сіңірген азаматтардың бәріне құрметпен қараймын. Біз әрдайым өткенді ұмытпай, салаға үлес қосқан ардагерлердің еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттап отыруымыз керек. Себебі тарихын қадірлеген, аға буынның еңбегін бағалай білген ұжымның ғана болашағы берік болады. Бүгінгі міндет – сол қалыптасқан дәстүрді жалғастырып, аудан спортын жаңа деңгейге көтеру. Бұл ретте, аудан басшысы Берік Сәрменбаевқа сенім білдіргеніне алғыс айтамын! Бұл жолда аянбай еңбек ету – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі абыройлы міндет, – дейді бөлім басшысы.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап спорт саласы бірнеше құрылымға қосылып жұмыс жасап көрді. Бірде мәдениет, бірде туризм саласына қосылған аудан спорттың бағыты ешқашан жаңылған емес. Бірер жыл бұрын Марат Жарылқасынұлы белгілі бір себептермен бөлім басшысы қызметінен алыстағаны рас. Өткен жылдан бастап өз саласына қайта кірісіп, өз жұмысын ыждағаттылықпен атқаруда. Бүгінде спорт саласында айқын өзгеріс бар. Мехелі нәтиже көрсету барысында өз білгенінен жаңылмайтын бөлім басшысы мамандарға жоғары талап қояды. Әрине, жоғары талаптың артында аудан мерейі мен абыройы жатыр.

– Аудан спорттың бүгінгі жетістігі – ең алдымен тынымсыз еңбек етіп жүрген спортшылар, жаттықтырушылар және сала мамандарының маңдай терінің жемісі. Кез келген нәтиженің артында үлкен дайындық, табандылық, тәртіп пен төзім жатады. Жарыс алаңында аудан намысын қорғап жүрген әрбір спортшының жеңісі – тек жеке жетістік емес, бұл – тұтас Сырдария ауданы спорттың мерейі. Сондықтан біз жақсы нәтижеге жеткен спортшыларымыздың еңбегін әрдайым жоғары бағалаймыз. Олар күнделікті жаттығуда өз-өзін шыңдап қана қоймай, кейінгі буынға үлгі болып келеді. Жалпы спорт саласына маман ретінде қарайтын болсақ, барлық спорт түрі бір мезетте бірдей қарқынмен дамиды деп айту қиын. Бұл – табиғи үдеріс. Кей кезеңде кейбір спорт түрлері алға озып, жарқын нәтиже көрсетіп жатады, ал кейбір бағыттар белгілі бір уақыт аралығында кенжелеп қалуы мүмкін. Мұның себебі әртүрлі екенін ұмытпаған жөн. Маман тапшылығы, материалдық-техникалық база, балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығы, жаттықтырушылар құрамының тәжірибесі, жарысқа қатысу мүмкіндігі секілді факторлардың барлығы әсер етеді. Сондықтан спортты дамытуда бір ғана көрсеткішпен шектелуге болмайды. Біз үшін ең бастысы – барлық спорт түрінің тамырына қан жүгіртіп, әр бағыттың әлеуетін біртіндеп көтеру. Бүгін кенжелеп тұрған спорт ертен жүйелі жұмыстың нәтижесінде алға шығуы әбден мүмкін. Сол себепті әр спорт түріне жан-жақты қарап, олардың дамуына кезек-кезеңімен қолдау көрсету – біздің басты міндетіміздің



бірі. Аудан көлемінде спорттың бұқаралық сипатын арттыру, ауылдық жерлердегі жастарды спортқа тарту, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру – басты назардағы мәселе. Өйткені спорт – тек медаль мен марапаттың жолы ғана емес, ол – тәрбие мектебі, саламатты өмір салтының негізі, елдің ертенгі қалыптастыратын маңызды құрал. Біз жас буынның спортқа бет бұруына жағдай жасап, әр ауылдан талапты, талантты жастардың шығуына мүмкіндік беруді көздейміз, – деді Марат Жарылқасынұлы.


Бөлім басшысы ретінде Марат Ерташов туризм саласының өркендеуіне айрықша көңіл бөлетінін ұмытпаған жөн. Бұл бағыттағы жұмыс барысына білікті басшы кеңінен тоқталды. – Аудан өмірінде туризм саласының орны да айрықша. Бұрын туризм көбіне қосымша бағыт ретінде қарастырылып келсе, қазір бұл салаға мүлде басқа көзқарас қажет екені анық байқалып отыр. Туризм – тек қонақ қабылдау немесе тарихи орындарды таныстыру ғана емес, ол – өңірдің экономикалық әлеуетін арттыратын, мәдениеті мен табиғи ерекшелігін насихаттайтын, елді мекеннің тартымдылығын күшейтетін маңызды сала. Осы орайда аудан көлемінде туризм бағытындағы жұмысты жүйелеу, тарихи-танымдық орындарды насихаттау, ішкі туризмді дамыту – алдағы уақыттағы маңызды міндеттің бірі болмақ. Жақында туризм саласына қатысты басқарманың ашылуы – осы бағытқа деген жаңаша көзқарастың айқын көрінісі. Бұл қадам алдағы уақытта туризмді дамыту ісіне тың серпін береді деп сенеміз. Өйткені арнайы құрылымның болуы саладағы жұмысты жүйелеп, нақты жоспармен ілгерілетуге мүмкіндік береді. Сырдария ауданының өзіне тән тарихы, табиғаты, ұлттық құндылықтары, елге танытар ерекшелігі аз емес. Ендігі міндет – осы әлеуетті дұрыс пайдаланып, ауданның туристік мүмкіндігін кеңінен таныту. Бұл бағытта спорт пен туризмді ұштастыру отырып, түрлі бұқаралық, спорттық жарыстар, мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырудың да маңызы зор. Біз алдағы уақытта спорт пен туризм саласын бір-бірімен сабақтастыра отырып дамытуға басымдық береміз. Себебі бұл екі бағыттың да түпкі мақсаты – ауданның әлеуетін арттыру, жастарды белсенді өмір салтына баулу, туған өлкенің қадір-қасиетін кеңінен таныту. Сондықтан аудан спортының да, туризм саласының да дамуы – ортақ мүдде, ортақ міндет. Осы жолда жүйелі жұмыс жүргізіп, бар мүмкіндікті тиімді пайдалану – біздің басты мақсатымыз, – дейді бөлім басшысы.

Айта кетейік, Марат Жарылқасынұлы отбасында зайыбы Гүлсім Оразбайқызымен бірге 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген ардақты әке. Перзенттерінің ішінде үлкен ұлы Асқар көгалдағы хоккей спортымен айналысқан. Бүгінде Наурызбай ағасымен бірге ішкі істер саласында қызмет етсе, қызы Айжан – білім саласының маманы. Кенжесі Нариман – студент.

Б.АЯБЕКҰЛЫ

ТӘЖІРИБЕМЕН ШЫҢДАЛҒАН БАС МАМАН

Қай уақытта болсын қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуі ең алдымен адал еңбек пен жауапкершілікті ту еткен азаматтарға байланысты. Солардың қатарында мемлекеттік қызметшінің орны айрықша. Өйткені мемлекеттік қызмет – жай ғана мамандық емес, ол – ел алдындағы үлкен жауапкершілік, халық сенімін ақтау жолындағы маңызды міндет саналады. Осы міндет үдесінен шығып келе жатқан кейіпкеріміз Жадыра Ұзақбаева мемлекеттік қызметші ретінде сегізінші жыл қатарынан кәсіби мерекесін тойлап келеді.



Қашанда табандылығы мен ыждағаттылығының арқасында мемлекеттік қызметте абырой биігінен көріне білген Жадыра Бақытбекқызы бүгінде аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы қызметін атқарады. Ол Тереңөзек кентінде дүниеге келген. Туған жердің топырағында өсіп, сол өңірдің тыныс-тіршілігін көріп өскен ол бала күнінен білімге құштар, ізденімпаз болып қалыптасты. 2000-2011 жылдар аралығында №9210 Оспан Әбілпаттаев атындағы орта мектепте білім алып, мектеп қабырғасында-ақ жауапкершілігімен, алғырлығымен ерекшеленді. Алға қойған мақсаты айқын, болашағын біліммен байлааныстырған жас түлек мектептен кейін жоғары оқу орнына түсіп, таңдаған саласы бойынша терең білім алуға ден қояды. Білікті жас маман 2011-2015 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Мелиорация, рекультивация және жерді баптау мен қорғау» мамандығы бойынша білім алып, оқу орнын қызыл дипломмен тәмамдады. Бұл – оның тек теориялық білімді игеріп қана қоймай, өз мамандығына асқан жауапкершілікпен қарағанының айқын дәлелі. Жадыра Бақытбекқызы білімін одан әрі жетілдіру мақсатында 2017-2019 жылдары Алматы қаласындағы «НАРХОЗ» университетінде «Жергілікті және мемлекеттік басқару» мамандығының қырсырына қанықты. Осыалайша ол өз кәсіби бағытын тек бір саламен шектемей, мемлекеттік басқару жүйесінің қыр-сырын меңгеруге ұмтылды.

– Мемлекеттік қызметтің мәртебесі – сол салада еңбек ететін өзін секілді мамандардың қызмет ретінде бағаланады. Бір қарағанда қағазбасты жұмыс болып көрінетін бұл салада шын мәнінде үлкен жауапкершілік, табандылық, сауаттылық пен сабырлық қажет. Халықтың мәселесін тыңдап, заң аясында шешім шығару, ел дамуына ықпал ететін маңызды шаруашылығы саласының есептілік көрсеткішін жинақтау барысында асқан ыждағаттылық танытады. Қажырлы еңбегімен танылған мемлекеттік қызметкердің жұмысы кейінгі жастарға үлгі. Баға, туризм, білім мен денсаулық, сауда, өндіріс, еңбек, ауыл шаруашылығы секілді бірнеше бағыт бойынша есептілік жинайтын Майра Жайшылыққызы қызметінде қателікке жол бермейді. Ауданның статистикалық көрсеткішін айқындайтын бөлімнің кәсіби маманы түрлі деңгейдегі марапатқа бірнеше мәрте қол жеткізді. «Озат статист» атағы, Мемлекеттік статистикаға 90 жыл толуына Құрмет грамотасы, 100 жылдығына Алғыс, Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының Алғыс хаты, облыстық салалық кәсіподақ комитеті төрағасының Құрмет грамотасы, мемлекеттік қызметшілер күніне Алғыс хат, облыс әкімінің Алғыс хаты – осынау табанды еңбектің жемісі.

Майра Жайшылыққызы өз саласының білікті маманы болумен қатар екі қыз тәрбиелеп отырған бақытты ана.

Бибісара ЖАНӨЛІ

ЕСЕП-ҚИСАПҚА МАШЫҚТАНУ – БІЛГІРЛІК

Аудан экономикасы мен әлеуметтік хал-ахуалын талдап, нақты ақпаратпен жұмыс жүргізетін саланың бірі – статистика. Жұмысы ауқымды қызметті бүгінде бөлімдегі жауапты үш маман атқарып келеді. Жалпы деректерді саралап, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жинақтайтын мамандар қай кезде де ауданның статистикалық ақпаратын нақты әрі шынайы жүргізеді.

Аудан тарихында өзіндік орны бар статистика бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқаратын Майра Маханбеталиева өз қызметін абыроймен атқарып келеді. Мемлекеттік қызметкер ретінде жиырма жылға жуық еңбек өтілі бар статист күрделі саланы ұршықша игеріп отыр.

Мемлекеттік қызметкерге тән қасиетін алдыңғы орынға қоятын маман өзі жауапты сала – ауыл шаруашылығы өкілдерімен тығыз байланыс орнатқан. Ай сайын тапсырылатын есептіліктердің уақытылы берілуін қамтамасыз етіп, шаруашылық иелермен түсіндіру жұмысын да ұқыпты жүргізеді.

– Статистика есептілігі электронды нұсқада жасалады. Қазір кез келген шаруа қожалығы электронды кілтпен жұмыс істеуі керек. Шаруа адамы болған соң егін алқабында жүретін адаммен байланысу қиына соғады. Дегенмен есептіліктің мерзімінде берілуіне жұмыс жасаймыз. Ауылдық округтегі мамандармен байла-

нысып, нақты мәліметке қол жеткізіп, жинақтаймыз, – дейді өз жұмысы жайлы жетекші маман Майра Жайшылыққызы.

Тұрғындармен тіл табыса білетін, жауапкершілігі мол маман Майра Маханбеталиева аудандағы №36 орта мектепті бітірген соң алғашқы мамандығын Қызылорда теміржол техникумынан алады. Содан соң Қызылорда аграрлы-техникалық колледжінің «Бухгалтерлік есеп, бақылау және шаруашылық қызметін талдау» мамандығы бойынша оқыды. Жас маман ретінде еңбек жолын аудандағы жылжымайтын мүлікті тіркеу мекемесінде бастап, кейін аудандық статистика басқармасының баға бөліміне жұмысқа қабылданады. Жоғары білім алу жолында Қызылорда Қорқыт ата университетінің «Есеп және аудит» факультетінде оқыды. Өз ісінің білікті маманы жылдар бойы тәжірибе жинап, саланың жұмысын ілгерілетуге атсалысуда.

– Мемлекеттік саланың жұмысында



ұзақ жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан жетекші маманның жұмысын жоғары бағалаймын. Өзіне бекітілген ауыл шаруашылығы саласының статистикалық есебін жүргізуде қателікке жол бермей, мерзімінде тапсырылуын қамтамасыз етуде. Статист Майра Жайшылыққызы жүктелген жұмысты тиянақты орындай біледі. Есеп-қисап жүргізіп, статистика қорын жасактайтын маман басқармада өзіндік қолтаңбасын қалыптастыруда, – дейді бөлім басшысы Сейілхан Төлегенов.

Балтабай ОРДАБЕКОВ

ЕГІН ЕГУДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ СУ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЯДЫ

Аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының суды аз қамтамасыз ететін дақылдарды егу тапсырмасына сәйкес, жақында аудан әкімі Берік Сәрменбаев Шаған ауылына арнайы барып, «Шаған Жер» ЖШС-де атқарылып жатқан жұмыспен танысты.

Іргелі ауылдағы ірі шаруашылық құрылымының төрағасы Жеңісбек Сыздықов аудан басшысына егін егу саласында қолға алған жобаларды таныстырды. Өз кезегінде аудан басшысы күрделі мәселелердің шешімін тауып, суды үнемдеу жұмысын жітілдіруге байланысты жұмыстарға көңіл бөлу керектігін жеткізді.

– Аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының су тапшылығы жағдайында егіс құрылымын әртараптандыру, суды аз қажет ететін дақылдардың көлемін ұлғайту жөніндегі тапсырмасы бүгінгі күннің ең өзекті мәселесінің бірі. Сыр өңірінің негізгі тіршілік көзі – су екені белгілі. Сондықтан біз үшін әрбір тамшы суды тиімді пайдалану, суармалы алқаптарды ұтымды игеру, егін шаруашылығында заманауи

тәсілді енгізу – уақыт құттірмейтін міндет. Осы тұрғыдан алғанда, «Шаған Жер» серіктестігінің қолға алып отырған жұмыстары көңіл қуантады. Шаруашылық тек күріш егін қана қоймай, жүгері, бидай, жоңышқа секілді суды салыстырмалы түрде аз қажет ететін дақылдардың көлемін арттыру арқылы егіс құрылымын кезең-кезеңімен оңтайландырып келеді. Бұл – ең алдымен, су тапшылығының салдарын жеңілдетуге, екіншіден, шаруашылықтың экономикалық тұрақтылығын сақтауға бағытталған маңызды қадам. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласы – аудан экономикасының негізгі қозғаушы күшінің бірі. Сондықтан әрбір шаруашылықтың жұмысы, әрбір егіс алқабының жағдайы, агротехникалық шаралардың



орындалуы – барлығы да жіті бақылауда болуы қажет. «Шаған Жер» секілді ірі құрылымдардың жұмысы бұл тұрғыда ерекше маңызға ие. Өйткені мұндай шаруашылықтар тек өнім өндірумен ғана шектелмейді, олар

ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтып, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді. Біз үшін ендігі маңызды мәселе – осы басталған жұмыстарды сапалы жалғастыру. Егін егумен ғана шектеліп қалмай, оны бартау, суару жүйесін

реттеу, агротехникалық шараларды уақытылы жүргізу, өнімді ысырапсыз жинап алу – үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан шаруашылық басшылары мен сала мамандары әр күнді тиімді пайдаланып, әрбір істі нақты жоспармен атқаруы қажет. Су үнемдеу – тек науқандық мәселе емес, бұл – бүгінгі күннің басты талабы. Осыған байланысты әрбір шаруашылық су шығынын азайтатын тәсілдерді кеңінен қолдануға, егіс алқаптарында тәртіп пен жауапкершілікті күшейтуге мән беруі керек, – деді аудан әкімі.

«Шаған Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізгі қызмет бағыты егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылады. Қазіргі таңда шаруашылықта 230 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Үлескерлер саны 1675 адамды құрайды.

Шаруашылықтың жалпы ауыл шаруашылығы жер көлемі 10 246 гектарды құрайды. Оның ішінде 4 500 гектары егістік жер, 4 064 гектары жайылымдық жер және 1 682 гекта-

ры өзге санаттағы жер. 2026 жылғы егіс науқанында шаруашылық тарапынан 2 250 гектар жерге күріш, 505 гектарға жүгері, 115 гектарға бидай және 213 гектарға жаңа жоңышқа егілген. Шаруашылықта 790 гектар ескі жоңышқа алқабы күтіп, бапталуда. Жүгері дақылын орналастыру үшін қажетті 13,9 тонна жоғары сапалы тұқым сатып алынып, толық көлемде 505 гектар жерге себілген. Егіс жұмыстарына тұқым сепкіші, культиватор және өзге де ауыл шаруашылығы техникалары жұмылдырылған.

Аудан әкімі ауыл шаруашылығы саласының аудан экономикасындағы маңыздылығын атап өтіп, егіс алқаптарындағы агротехникалық шараларды уақытылы әрі сапалы жүргізудің қажеттілігіне тоқталды. Шаруашылық ұжымына алдағы жұмыстарға сәттілік тілеп, өндірістік көрсеткіштерді арттыру бағытындағы міндеттерді назарда ұстау керектігін айтты.

Б.ҚАРАМАНТЕГ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚАЙРАТ БЕРЖАНОВ, СЫРДАРІЯ АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:

СОТ ТӨРЕЛІГІ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

– Сот саласындағы дауларды татуластыру және цифрландыру мен ашықтықты қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға тоқталсаңыз...

– Сот жұмысының маңызды бағытының бірі – дауларды татуластыру тәртібімен шешу. Тараптар арасындағы дауды сот шешімін күттірейтін ақ өзара келісім арқылы аяқтауға мүмкіндік беретін тиімді құқықтық құрал ретінде қарастырамыз. Есепті кезеңде 109 азаматтық іс, 27 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс және 1 қылмыстық іс татуласу, медиация тәртібімен аяқталды. Бұл – медиация институтының тәжірибеде кеңінен қолданылып келе жатқанын және азаматтардың дауды өзара келісім арқылы шешуге деген ұмтылысының бар екенін білдіреді. Татуласу рәсімі тараптың уақытын үнемдеп қана қоймай, әлеуметтік шиеленісті төмендетуге, екі жақ арасындағы қатынасты сақтауға да оң әсер етеді. Сот қызметіндегі тағы бір маңызды бағыт – цифрландыру мен ашықтықты қамтамасыз ету. Осы ретте есепті кезеңде істердің 100 пайызы аудио-бейне жазба арқылы қаралғанын атап өткен жөн. Сот отырыстарының ашықтығын, процестің объективті өтуін қамтамасыз ететін маңызды тетік болып табылады. Аудио-бейне жазба қос тараптың құқығын қорғауға, сот отырысының барысын нақты тіркеуге және сот төрелігінің сапасын арттыруға қызмет етеді. Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер мен қылмыстық істердің 100 пайызы электронды форматта түсіп, қаралған. Бұны сот жүйесіндегі цифрландыру үдерісінің нақты нәтижесі деп айтуға болады. Электронды құжат айналымы сот жұмысының жеделдігін арттырып, құжатты қабылдау мен қарауды жеңілдетеді, азаматтар мен мемлекеттік органдар үшін де қолайлылық туғызады. Жалпы алғанда, 2026 жылдың 5 айындағы көрсеткіш сот жұмысының барлық бағытта қарқынды жүргізілгенін көрсетеді. Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің едәуір көлемде қаралуы, татуласу рәсімдерінің белсенді қолданылуы, электронды формат-тың толық енгізілуі, аудио-бейне жазбаның 100 пайыз қолданылуы – мұның бәрі сот төрелігінің сапасын арттыруға, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға бағытталған нақты қадам саналады. Алдағы уақытта да сот ұжымы заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сот төрелігін сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береді. Басты мақсат – халыққа қолжетімді, ашық, әділ және тиімді сот төрелігін қамтамасыз ету.

– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы сот жүйесіне қаншалықты өзгеріс әкелді?

– 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді. Быыл осы маңызды құқықтық құжаттың күшіне енгеніне бес жыл толғаны мәлім. Жалпы, ӘРПҚ-нің қабылдануы – еліміздің құқықтық жүйесіндегі аса маңызды реформаның бірі болды деп айтуға толық негіз бар. Өйткені бұл кодекс азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау тетігін жетілдіруге, мемлекеттік органдар қызметінің



ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ жария-құқықтық дауларды қараудың жаңа әрі тиімді үлгісін қалыптастыруға жол ашты. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс ең алдымен азамат пен мемлекеттік органдар арасындағы құқықтық қатынасты жаңа деңгейге көтерді. Бұған дейін мемлекеттік органның шешімімен немесе әрекетімен келіспеген азамат өз құқығын қорғауда белгілі бір қиындықтарға тап болып жататын. Ал ӘРПҚ қолданысқа енгеннен кейін жария-құқықтық дауларды қараудың нақты құқықтық тетігі қалыптасты. Кодекс әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу қағидасын айқындап, азаматтардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды құралға айналды. Кодекстің басты ерекшелігінің бірі – әкімшілік әділет жүйесінде соттың белсенді рөлінің күшеюі. Яғни, әкімшілік сот ісін жүргізуде судья тек тарап ұсынған дәлелмен ғана шектеліп қалмайды. Керісінше, істің мән-жайын жан-жақты, толық әрі объективті анықтау үшін қажет деп санаған барлық жағдайды зерттеп, дәлелдеме жеткіліксіз болған жағдайда оларды жинауға да бастамашылық жасай алады. Бұл – азамат пен мемлекеттік органдар арасындағы дауда тараптардың мүмкіндігі тең емес екенін ескеретін өте маңызды жаңашылдық. Себебі көп жағдайда мемлекеттік органның құқықтық және институционалдық мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болады. Осындай жағдайда соттың белсенді рөлі азаматтың құқығын тиімді қорғауға нақты мүмкіндік береді. ӘРПҚ заңдылық, әділдік, құқықтарды, бостандық пен заңды мүддені қорғау, мөлшерлестік, құқық басымдығы, сенім құқығын қорғау, анықтық презумпциясы, соттың белсенді рөлі, әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі және сот актілерінің міндеттілігі сияқты маңызды қағидатты бекітті. Тек сот қызметінде ғана емес, мемлекеттік органның шешім қабылдау үдерісінде де азаматтардың құқықтарын басты назарда ұстауға ықпал етті. Бес жыл ішінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс өзінің тиімділігін көрсетті деген сеніммен айтуға болады. Осы уақыт аралығын да әкімшілік соттар азаматтардың құқықтарын қорғаудың

шынайы әрі пәрменді тетігіне айналды. Мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне қатысты көптеген даулар сот тәртібімен қаралып, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге жол ашылды. Бұл, өз кезегінде, заңдылық пен әділдіктің сақталуына ықпал етіп қана қоймай, мемлекеттік басқару сапасын арттыруға да оң әсерін тигізді. ӘРПҚ-нің енгізілуі халықтың сотқа деген сенімін нығайтты деуге болады. Өйткені азаматтар енді мемлекеттік органның кез келген заңсыз шешіміне немесе әрекетіне қатысты сотқа жүгініп, өз құқықтарын қорғаудың нақты әрі тиімді тетігіне ие болды. Құқықтық мемлекет қағидатының іс жүзінде жүзеге асуына, жария-құқықтық қатынастарда әділдік пен тепе-теңдіктің сақталуына ықпал етті. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – азамат пен мемлекет арасындағы дауларды өркениетті жолмен шешуге арналған маңызды құқықтық құрал.

– Елімізде үш бірдей тәуелсіз кассациялық соттың жұмысын бастауы сот жүйесіне қандай өзгеріс әкелді?

– Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Астана қаласында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш дербес кассациялық соттың жұмысын бастауы болды. Бұл – сот жүйесіндегі ауқымды институционалдық өзгеріс қана емес, сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Жаңа кассациялық соттардың құрылуы, ең алдымен, қоғам сұранысынан туындағанын атап өткен жөн. Себебі бұған дейін тәжірибеде қолданылып келген «таңдап қарау кассациясы» азаматтар тарапынан жиі сынға ұшырап келді. Яғни, Жоғарғы Сотқа берілген шағымдардың барлығы бірдей мәні бойынша қаралмай, тек іріктелген бөлігі ғана кассациялық қарауға жіберілетін. Бұл, әрине, азаматтардың сотқа қолжетімділігіне, олардың шағымның толық әрі жан-жақты қаралуына қатысты орынды сауалдар туғызды. Мемлекет басшысы да осы мәселеге назар аударып, 2023 жылғы 12 қыркүйекте отандық бизнес өкілдерімен кездесуде қылмыстық және азаматтық істердің небәрі 5

пайызы ғана кассациялық тәртіпте қаралатынын айтып, бұл көрсеткіштің өте төмен екенін атап өтті. Осыған байланысты дербес кассациялық инстанция құру қажеттігін көтеріп, құзырлы органдарға нақты тапсырма берген болатын. Осы бастаманың нәтижесінде бүгінгі таңда Астана қаласында үш бағыт бойынша дербес кассациялық соттар жұмысын бастап отыр. Бұл соттар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарайды. Мұндағы басты жаңалық – кассациялық сотының дербес сот ретінде бөлініп шығуы. Яғни, ендігі жерде кассациялық тәртіппен қаралатын істер Жоғарғы Соттың құрылымында емес, арнайы құрылған тәуелсіз кассациялық соттарда қаралады. Бұл, біріншіден, кассациялық сатыдағы істерді қарау рәсімін неғұрлым ашық әрі қолжетімді етеді. Екіншіден, Жоғарғы Соттың жүктөмесін азайтып, оның негізгі қызметін сот практикасының бір ізділігін қамтамасыз етуге бағыттауға мүмкіндік береді. Дербес кассациялық соттарды құру – құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту жолындағы маңызды қадамның бірі. Бұл жаңашылдық сот төрелігінің ашықтығын, әділдігін және қолжетімділігін арттыруға оң ықпал етеді деп ойлаймын. Кассациялық соттардың дербес жұмыс істеуі сот сатылары арасындағы өкілеттіктердің аражігін нақтылап, әр сатының рөлін айқындай түседі. Нәтижесінде, азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейі күшейіп, сот актілерінің сапасы артып, құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігі қамтамасыз етіледі.

– Сырдария аудандық сотының ұжымында қанша маман жұмыс істейді? Ұжымның жыл көлемінде қол жеткізген жетістігіне тоқталып өтсеңіз...

– Сырдария аудандық сотында бүгінде сот әкімшісінің басшысы, екі бас маман – сот отырысының хатшылары, бас маман, аға сот приставай, жетекші маман және іс жүргізу инспекторы қызмет атқарады. Сот ұжымы өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, сот жүйесінің сапалы жұмыс істеуіне лайықты үлес қосып келеді. Жақында 2022-2026 жылдар аралығында аудандық соттың судьясы қызметін абыроймен атқарған Дәурен Еркінұлы Мемлекет басшысының 2026 жылғы 9 маусымдағы №1312 Жарлығына сәйкес Астана қаласы азаматтық істер жөніндегі аудан аралық сотының судьясы қызметіне тағайындалды. Өріптесімізге алдағы қызметіне сәттілік тілей отырып, ауданымызда атқарған жемісті жұмысы үшін шынайы алғысымды айтамын. Айта кетейік, сала мамандары кәсіби біліктілігімен, жауапкершілігімен және еңбекке адалдығымен ерекшелініп, үздіктер қатарынан көрініп жүр. Ұжым тек қызмет барысында ғана емес, қоғамдық және спорттық іс-шараларда да белсенділік танытып келеді. Мереке аясында ұйымдастырылған облыстық спартакиада да өзге аудандық соттардың қызметкерлерімен бірлескен команда құрамында волейболдан I орын иеленуі – соның айқын дәлелі. Бұл жетістік ұжымның ұйымшылдығы мен ауызбіршілігін, ортақ мақсат жолындағы бірлігін көрсететін маңызды жеңіс болды.

**Сұхбаттасқан
Балтабай ОРДАБЕКОВ**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«CAPITAL RESOURCES» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Қарақан кен орны объектілері үшін сынамалы пайдалану кезеңіне арналған қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу бойынша өтінім пакеті (ШРШНЖ, ҚББ, ӨЭББ және ТҚДЖ) және Қарақан кен орнында тереңдігі 1400 (±250) м SWB-3 озық өндіруші ұңғымасын салуға арналған инженерлік-техникалық дайындық жұмыстарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 29 шілде сағат 11:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, 8.

Zoom конференциясына сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/76084613748?pwd=xl34bbggkacfuwbpTffskAEi5l3W7.1>

Конференция идентификаторы: 76084613748 кіру коды: b4ZTj6j.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, эл. пошта: prd@korda.gov.kz.

Жобалық құжаттама топтамасымен <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей prd@korda.gov.kz электрондық поштасы арқылы және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта мекенжайы: t.sapayev@gmail.com және тел. +77073888686 арқылы алуға болады.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «CAPITAL RESOURCES» ЖШС 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Жароков көшесі, №272Б үй, ЖСН 211040011111, Тел. +77010329916, e-mail: admin@capitalresources.kz

Жобалаушы ұйым: «Сапаев Тимур Михайлович» ЖК, 050063, ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 158, 234-кеңсе, ЖСН: 940208300432, тел. +77073888686, e-mail: t.sapayev@gmail.com.

Бұрыштық нүктелердің координаттары: с.ш. 45° 50' 00", в.д. 65° 05' 00"; с.ш. 45° 53' 08", в.д. 65° 04' 58"; с.ш. 45° 50' 59", в.д. 65° 07' 30"; с.ш. 45° 51' 10", в.д. 65° 08' 08"

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «CAPITAL RESOURCES» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Заявочному пакету на получение экологического разрешения на возведение для объектов месторождения Каракан на период пробной эксплуатации (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) и РООС к ИТП на строительство опережающей добывающей скважины SWB-3 глубиной 1400 (±250) м на месторождении Каракан с ППМ.

Общественные слушания состоятся 29 июля 2026 года в 11:00 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, Тере-нозекский с.о., с.Тереозек, ул. Кунаева 8.

Ссылка на Zoom конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/76084613748?pwd=xl34bbggkacfuwbpTffskAEi5l3W7.1>

Идентификатор конференции: 76084613748

Код доступа: b4ZTj6

Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», эл. почта: prd@korda.gov.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до начала слушаний по электронному адресу prd@korda.gov.kz и на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>.

Дополнительную информацию можно получить по следующему электронному адресу: t.sapayev@gmail.com, тел. +77073888686.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «CAPITAL RESOURCES» 050060, Республика Казахстан, г.Алматы, Бостандыкский район, улица Жарокова, дом № 272Б, БИН 211040011111, Тел.+77010329916, e-mail: admin@capitalresources.kz

Проектная организация: ИП «Сапаев Тимур Михайлович» 050063, ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, Радостовец көшесі 158, оф.234 БИН 940208300432 тел. +77073888686 e-mail: t.sapayev@gmail.com

Координаты границ геологического отвода оператора по угловым точкам: с.ш. 45° 50' 00", в.д. 65° 05' 00"; с.ш. 45° 53' 08", в.д. 65° 04' 58"; с.ш. 45° 50' 59", в.д. 65° 07' 30"; с.ш. 45° 51' 10", в.д. 65° 08' 35";

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ЕЛ ҚАЛҚАНЫ – ТӘРТІП САҚШЫСЫ

Қоғам өмірінде полиция қызметі сырт көзге қарапайым көрінгенімен, үлкен жауапкершілік пен темірдей төзімділікті талап ететін мамандық екені даусыз. Күн сайын олар түрлі жағдаймен бетпе-бет келетінін қоса кетейік. Құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмысты ашу, тұрғындардың өтінішіне жедел жауап беру – мұның бәрі тәртіп сақшыларының міндетіне кіреді. Бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған аудандық полиция бөлімінің ұжымы 23 маусым күні кәсіби мерекелерін атап өтеді.

Білікті басшы Мақсат Беркімбаев жетекшілік ететін бөлімнің штаттық құрылымы 82 бірліктен тұрады. Оның ішінде 72 қызметкер орта басшы құрамда, ал 10 қызметкер кіші басшы құрамда еңбек етеді. Айта кетейік, 2 мемлекеттік әкімшілік қызметкер және 7 ерікті жалдамалы қызметші өз міндетін атқаруда. 2026 жылдың есепті кезеңінде жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықты сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында бірқатар жүйелі іс-шара жүзеге асқан. Атап айтқанда, қызметтік тәртіп талабын бұзуға бейім қызметкерлермен жеке тәрбие жұмыстары жүргізіліп, барлық деңгейдегі бөлімше және топ басшыларының тәртіп пен заңдылықты нығайту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жеке жауапкершілігі күшейтілді. Анықталған кемшіліктерді түпкілікті жоюға бағытталған іс-шара қабылданып, жеке құрам арасында мәдени-көпшілік және спорттық жобаларды жандандыру жұмысы да қатар жүргізілуде.

Әрине, аудандық полицияның жүзеге асыратын қызмет аясы сан түрлі. Бұл ретте, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Беркімбаев аудан көлемінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті жетілдіру негізінде жасалған жұмыс жөнінде тарқатып айтып берді.

– Аудан орталығы – Тереңөзек кентінің аумағы 6 бағытқа бөлініп, күнделікті профилактикалық іс-шара ұйымдастырылуда. Қоғамдық орындар мен көшелерде орын алатын құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 3 қызметтік автокөлікпен 6 қызметкер, 4 жаяу бағыт бойынша 8 қызметкер жұмылдырылған. Жұма және сенбі күндері аппарат қызметкерлерін тарта отырып, 30-40 қызметкерге дейін кезекшілікке шығарылып, күшейтілген режимде профилактикалық жұмыс жасалады. 2025 жылы атқарылған алдын алу іс-шарасының нәтижесінде кісі өлтіру, зорлау және қарақшылық қылмысы тіркелген жоқ. Дегенмен жалпы профилактикалық жұмыстың жалғасуына қарамастан, бірқатар құқық бұзушылық анықталды. Есепті мерзімде құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында барлығы 8618 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді. Оның ішінде қоғамдық орында мас күйде жүрудің 146 дерегі, ұсақ бұзақылықтың 30 дерегі, қоғамдық орында ластанудың 168 дерегі, түнгі тыныштықты бұзудың 61 дерегі, белгіленбеген орын-да сауда жасаудың 336 дерегі, жасыл желекті жою немесе инфрақұрылымды бүлдірудің 1077 дерегі, үй жануарларын жаю қағидасын бұзудың 92 дерегі,



кәмелетке толмағандардың заңды өкілсіз жүруінің 339 дерегі, сондай-ақ олардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуына жол берудің 3 дерегі анықталып, тиісті әкімшілік шара қолданылды. Құқық бұзушылықтың басым бөлігі мас күйінде жасалатындықтан, түнгі уақытта алкоголь өнімдерін заңсыз сату фактісіне ерекше назар аударылды. Жыл басынан бері 6 дүкен иесіне ҚР ӘҚБтК-нің 200-бабы бойынша хаттамалар толтырылды. Алкогольге тәуелділігі бар 3 тұлға сот шешімімен мәжбүрлі емдеу мекемесіне жолданды. Масан күйде қоғамдық тәртіпті бұзған 146 адамға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы бойынша шара көрілді. Айта кетейік, 2025 жылдың 12 айында бірқатар қылмыстың өсуі тіркелді. Жалпы қылмыс 43,4, ұрлық 88,9, ұялы телефон ұрлығы 66,7, мал ұрлығы 350, алаяқтық 71,4, интернет алаяқтық 16,7, тонау 100, бұзақылық 400, атыс қаруын қолданумен жасалған қылмыс 150 пайызға артқан. Жасалу санаты бойынша да өсім байқалады. Қоғамдық орындардағы қылмыс 55,6, көшедегі қылмыс 14,3, бұрын сотталғандармен жасалған қылмыс 14,7, сотталғысы жойылмаған тұлғалармен жасалған қылмыс 200, рецидивтік қылмыстар 100, топпен жасалған қылмыс 260, отбасы-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылық 100 пайызға өскен. Аудан аумағында мейрамхана, кафе, ойын-сауық орындары мен дүкендер күнделікті тексерілуде. Шектеуді біле тұрып, алкоголь өнімін заңсыз сатуға жол берген 6 кәсіпкерге шара көрілді. Дегенмен мас күйінде жасалатын қылмыс әлі де өзекті болып отыр, – дейді бөлім басшысы.

Бұл ретте, аудандық полиция бөлімі тарапынан жасөспірімдер арасындағы және оларға қарсы жасалатын құқық бұзушылықты болдырмауға бірқатар шара қарастырылған. Қоғамның өзекті мәселесі болып табылатын осы бағытта кәмелетке толмаған жандарға қарсы және олардың қатысуымен жасалатын қылмысты болдырмауға қатысты маңызды жұмыс атқарылуда. Алкоголь мен есірткінің зиянының, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің, сондай-ақ жасөспірімдердің заң алдындағы міндеттерінің алдын алу мақсатында дөңгелек үстелдер, сұхбаттар мен кездесулер ұйымдастырылып, барлығы 147 профилактикалық іс-шара өткізілген. Профилактикалық жұмысты күшейту мақсатында 2025-2026 оқу жылына бөлім бастығының бұйрығымен жалпы білім беру мекемелері мен колледждерге аймақтық ювеналды полиция бөліністерінің, криминалдық полиция және учаскелік полиция инспекторлары бекітілді. Есептік кезеңде кәмелетке толмаған және жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында

«Түнгі қаладағы балалар», «Абайлаңыз, балалар», «Бала – Заң – Қауіпсіздік», «Жасөспірім» атты профилактикалық іс-шарасы іске асты. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде есепті мерзімде 144 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде түнгі уақытта (сағат 22:00-ден кейін) заңды өкілсіз ойын-сауық орындарында жүрген 1 жасөспірімнің ата-анасына айыппұл салынса, тұрғын үй аумағынан тыс (сағат 23:00-ден кейін) жүрген 115 жасөспірімнің ата-анасына ескерту түрінде әкімшілік шара қолданылды. Өз міндетін тиісінше орындамаған 25 ата-анаға ҚР ӘҚБтК-нің 127-бабы бойынша айыппұл салынды. 21 жасқа толмаған азаматқа темекі өнімін сату фактісі анықталып, тиісті әкімшілік шара қолданылды. Күнделікті өмірде ауданға қарасты барлық елді мекен мен Тереңөзек кентінде 20-ға жуық учаскелік полиция қызметкері қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Біз жоғарыда көтерген бірқатар мәселе сала маманының атқаратын жұмысының бір бөлігі ғана. Қазіргі уақытта алаяқтықтың арбауына түскен жандар ішкі істер саласының мамандарына жүгінеді. Тәртіп сақшылары отбасылық зорлық-зомбылық мәселесін де назардан тыс қалдырмағаны абзал.

– Әріптестерімді Қазақстан Республикасының Полиция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Кәсіби мереке – ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшысының қажырлы қызметін айышқтайтын ерекше күн. Полиция қызметі – зор жауапкершілік пен жоғары кәсіби біліктілікті, адалдық пен табандылықты талап ететін абыройлы мамандық. Сіздер күнделікті қызметте заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау бағытында маңызды міндеттерді атқарып келесіздер. Аудан аумағында қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылықтардың жолын кесу және халықпен тығыз байланыс орнату бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы бағыттағы нәтижелі қызмет – сіздердің кәсіби тәжірибелеріңіз бен қызметтік жауапкершіліктеріңіздің, сондай-ақ елге деген адал ниеттеріңіздің айқын көрінісі. Бүгінгі таңда полиция саласында атқарылып жатқан реформалар мен жаңашылдықтар қызмет сапасын арттыруға, халық сенімін нығайтуға және құқық қорғау жүйесінің тиімділігін күшейтуге бағытталған. Бұл ретте әрбір қызметкердің үлесі зор. Тәулік бойы тынымсыз еңбек етіп, қандай да бір қиын жағдайға қарамастан, ел тыныштығын күзетіп келеді. Осындай жауапты қызмет жолында көрсеткен ерлік пен жанқиярлық әрқашан жоғары құрметке лайық, – дейді бөлім басшысы.

Балтабай ОРДАБЕКОВ


ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ – АНТҚА АДАЛДЫҚ

Полицияның учаскелік инспекторы **Самат Искендіров – кәсіби маман. Ол өзіне бекітілген Қалжан ахун және С.Сейфуллин елді мекен тұрғындарының қауіпсіздігіне жауапты болуымен қатар, күн сайын қоғам тыныштығын қамтамасыз етеді. Инспектордың қызметі құқықбұзушылықты тіркеу мен бақылау ғана емес, тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, профилактикалық іс-шара жүргізумен ерекшеленеді. Учаскелік инспектор ретінде бәрін бақылап, әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдем беріп, қоғамдық тәртіпті сақтауға күш салады.**

Ауыл тұрғындарына құқықтық кеңес беру немесе кездесу өткізу учаскелік инспектордың күн сайынғы қызметінің ажырамас бөлігі. Әрбір тұрғынның мәселесін тыңдап, қоғамға төнетін қауіптің алдын алады. Іс-шара, рейд жұмысы тәртіпті нығайтудың, сенімге бағытталған маңызды қадам.

– Учаскелік инспектордың қызметі – қоғам мен

тұрғынның арасындағы көпір. Негізгі мақсатым – қауіпсіз орта қалыптастыру, адал еңбек ету. Бірінші кезекке әрбір ауыл тұрғынының тыныштығы мен жайлы өмір сүруін қоямын. Өмірлік ұстанымым – заң мен тәртіпті сақтау, қоғам тыныштығын қамтамасыз ету, – дейді Самат Искендіров.



Полиция майоры Талғатұлы – өзінің Самат

туған ауылы С.Сейфуллиннің учаскелік инспекторы. Қазіргі таңда Қалжан ахун мен С.Сейфуллин елді-мекендеріне жауапты. Полиция бөліміне 2009 жылы қызметке келген инспектор зангерлік білімді Қызылорда заң колледжінен, содан соң жоғары білімді Ақмешіт гуманитарлық институтынан алады.

Заңгер қызметтік жолын учаскелік инспекторлықтан бастап, осы күнге дейін абыроймен еңбек етуде.

Учаскелік инспектордың айтуынша С.Сейфуллин ауылында осы жылдың бес айында қылмыс тіркелмеген. Ал Қалжан ахун ауылында бір қылмыс жол-көлік оқиғасына байланысты орын алған. Жолаушы өліміне әкелген жол апаты көлік жүргізушілерінің сақтық шарасында абай болу керектігін ескертеді.

– Қалжан ахун ауылы үлкен жолдың бойында орналасқан. Жалағаш ауданының көліктері аудан аумағынан өтеді. Сондықтан тиісті жылдамдықты сақтамай, салдарынан кісі өліміне әкелетін жол-көлік оқиғасы орын алады. Қазір ауыл тұсына бейнекамералар орнатылған. Қандай да бір құқықбұзушылықтың орын алғанын осы бейнекамералар арқылы жылдам білеміз. Сондықтан әрбір адамның қауіпсіздігі үшін барынша сақ болу керек, – дейді ауылдың учаскелік инспекторы.

Сонғы жылдары еліміз бойынша кең етек алған алаяқтық қылмысы да әрбір тұрғынға қатысты екені анық. Қарапайым адамның алаяққа кезікпесіне ешкім кепіл бермейді. Бұл қылмыстың түрін әшкерелеуге көп уақыт кетеді. Сондықтан үлкен кісілерден бастап, балалардың да қауіпсіздігі үшін алаяқтардың әрекеті туралы күн сайын түсіндіру жұмысын жүргізетін инспектор бұндай фактінің алдын алу әлдеқайда тиімді екенін айтады.

Тәуліктің кез келген уақытында қызметте жүретін учаскелік инспектордың жұмысы қауырт. Ең бастысы елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі бәрінен қымбат.

Бибісара ЖАНӨЛІ

Полиция қызметкері – қоғам тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жауапты мамандық иесі. Күні-түні қызметте жүріп, қоғамдық тәртіпті сақтап, заң бұзушылықтың алдын алады. Қиын сәтте халыққа көмекке келіп, әділдік пен қауіпсіздіктің кепілі бола біледі. Осы салада бірге қызмет етіп жүрген жас отбасы – Жалғас Сағатбеков пен Жұлдызай Талғатқызы. Өздерінің кәсіби міндеттерін абыроймен атқарып қана қоймай, отбасылық өмірде де бір-біріне тірек болып келеді. Қоғам тыныштығы жолындағы ортақ қызмет оларды табыстырып, бүгінде үлгілі отбасының біріне айналдырды.

ҚЫЗМЕТ ТОҒЫСТЫРҒАН ҚОС ЖҮРЕК



Айта кетейік, Жалғас Қайратұлы мен өмірлік жары Жұлдызай Талғатқызы – Тереңөзек кентінің тұмасы. Екеуі де Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі. Бүгінде аудандық полиция бөлімінде абыройлы қызмет атқарып, ел тыныштығы мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде.

Қос жастың таныстығы да осы қызметтен бастау алған. Жалғас аудандық полиция бөлімінде тәжірибеден өту барысында болашақ жарын алғаш рет көреді. Алайда тәжірибе мерзімі аяқталған соң, оқуын жалғастырып, кейін Жалағаш ауданының полиция бөліміне қызметке орнала-сады. Ол көп ұзамай туған жеріне қайта оралып, аудандық полиция бөлімінде қызметін жалғастырады. Сол жерде жүргенін орын алған ару-мен қайта жүздесіп, бір-бірінің өмірін байланыстыруға ұсыныс білдіріп, ба-тылдық танытады.

Күнделікті қызметтің жауапкершілігі мен қиындығын бірге еңсерген қос маман бір-біріне сенім артып, сыйластық пен құрметке негізделген отбасының іргесін қалады. Бүгінде олар тек қызметтегі әріптес қана емес, бір-біріне тірек болған бақытты отбасы.

Жалғас Сағатбеков қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және заң талаптарының орындалуына үлес қосып, өзіне жүктелген міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарып

жүрген азамат. Осы ретте, Жұлдызай Талғатқызы да аудандық полиция бөлімінде қызмет етіп, еңбек жолында кәсібилігімен және жауапкершілігімен әріптестерінің құрметіне ие болған маман. Ол әке жолын қуып, тәртіп сақшысы атана білген.

Қызмет пен отбасы егіз ұғымға айналған бұл отбасының симво-лы – адалдықтың, сүйіспеншілік пен сыйластықтың жарқын үлгісі. Ел тыныштығын күзеткен қос жүрек бүгінде жұмысына адалдық танытып, замандастарына өнеге болып келеді.

– Біздің мамандық үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді. Осы сала маған тек сүйікті ісімді ғана емес, өмірлік серігімді де сыйлады. Қызметтің қиындығы мен қуанышын бірге бөлісіп, бір-бірімізге әрдайым қолдау көрсетеміз. Отбасы мен қызметті қатар алып жүру – біздің басты ұстанымыз. Ел тыныштығына қызмет ету – біз үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Жұлдызайдың полиция қызметін таңдауы бекер емес. Ол әке жолын қуып, бала күнінен тәртіп сақшыларының еңбегін көріп өскен. Әкесінің қызметіне деген адалдығы мен жауапкершілігі оған әрдайым үлгі болды. Бүгінде сол жолды жалғастырып, ел тыныштығы үшін абыройлы еңбек етіп жүргеніне мақтанамын. Қызметте де, отбасында да өз ісін жауапкершілікпен қарайды, – дейді полиция маманы Жалғас Сағатбеков.

Ақтоты ТЕМІРХАНҚЫЗЫ

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетіне хабарландыру, құттықтау, еске алу немесе басқа да ақпараттық материалдар орналастырғыңыз келсе: **8 (724 36) 21-1-41, 21-5-73** телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады. **E-mail: tirshilik-tynysy@yandex.kz**

Меншік иесі:  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ	Телефондар: Бас директор – 8 (7242) 40-11-10 Бас редактор – 8 (72436) 21-1-41 Тілшілер – 8 (72436) 21-5-73 Электронды сайт – tirshilik-tynysy.kz	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17661-Г тіркеу куәлігі берілген. «Тіршілік тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сана менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» Тел: 8(7242) 40-06-68
	Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің редакциясы Бас редактор Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ	Мекен жайымыз: 120600, Қызылорда облысы, Тереңөзек кенті, Аманкелді Иманов көшесі №29 үйі. E-mail: tirshilik-tynysy@yandex.kz	Таралым саны – 3011 Тапсырыс №1057	
	Кезекші редактор Бибісара ЖАНӨЛІ			